

Дінтану сараптамасын жүргізетін сарапшыларды іріктеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі Төрағасының 2012 жылғы 30 қазандағы № 112 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 24 қарашада № 8116 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 162 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 30.12.2014 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 209 қаулысымен бекітілген Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларының 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес Дінтану сараптамасын жүргізетін сарапшыларды іріктеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Конфессияаралық қатынастар департаменті (Кулекеев Б.К.) Құқықтық қамтамасыз ету басқармасымен (Жуанышпаева Ә.Т.) бірлесе отырып:

1) әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) мемлекеттік тіркеуден кейін ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Төраға орынбасарына (Әзілханов М. А.) жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қ. Лама Шариф

Қазақстан Республикасы

Дін істері

агенттігі

Төрағасының

2012

жылғы

30

қазандағы

№

112

бұйрығымен бекітілген

Дінтану сараптамасын жүргізетін сарапшыларды іріктеу жөніндегі нұсқаулық

1. Дінтану сараптамасын жүргізетін сарапшыларды іріктеудің осы нұсқаулығы (бұдан әрі – Нұсқаулық) дінтану сараптамасын жүргізу үшін сарапшыларды іріктеу тәртіптерін айқындайды (бұдан әрі – сарапшылар).

2 . І р і к т е у г е :

- 1) діни қатынастар мәселелері саласындағы жоғарғы немесе жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі бар;
- 2) діни қатынастар мәселелері саласында жұмыс тәжірибесі (бір жылдан кем емес) бар;
- 3) нысандарды зерттеудің алдыңғы қатарлы әдістемелерін жұмыста қолдануда және халықаралық тәжірибені ескеруде тәжірибелік дағдысы бар, талдау жасай білетін және негізделген қорытындылар жаза алатын;
- 4) діни қызмет саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын білетін тұлғалар жіберіледі.

3. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігімен (бұдан әрі – Агенттік) алдағы өтетін дінтану сараптамасын жүргізу үшін сарапшыларды іріктеу туралы хабарландыруды «www.din.gov.kz» ресми сайтына орналастырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Дін істері агенттігі төрағасының 23.12.2013 № 50 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді).

4. Сарапшыларды іріктеуге қатысу үшін үміткер Агенттік құратын дінтану сараптамасын жүргізетін сарапшыларды іріктеу жөніндегі Комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат немесе төлқұжаттың көшірмесі (тексеру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);
- 2) білімі туралы құжаттың қосымшасымен бірге көшірмесі (тексеру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған);
- 3) өзі авторы болып табылатын дінтанулық тақырыптар бойынша мақалалар, ғылыми еңбектер және басқа материалдардың көшірмелері (бар болған жағдайда) ;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері (нотариалды куәландырылған) .

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Дін істері агенттігі төрағасының 23.12.2013 № 50 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді).

5. Комиссия Агенттік Төрағасының бұйрығымен құрылады және мүшелерінің саны тақ болатын құрамда кемінде үш адамнан тұрады. Аталған комиссия мүшелерінің ішінен төраға тағайындалады.

Комиссияның құрамына Агенттіктің салалық департаментінің қызметкерлері, Агенттіктің республикалық мемлекеттік мекемелерінің басшылары немесе олардың орынбасарлары енгізіледі. Комиссия отырысы құрамында кемінде оның үш мүшесі қатысқан жағдайда заңды деп табылады. Комиссия шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Хаттаманы

Комиссия хатшысы рәсімдейді және Комиссия төрағасы, мүшелері қол қояды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Дін істері агенттігі төрағасының 23.12.2013 № 50 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді).

6. Осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген барлық құжаттарды ұсынған жағдайда іріктеуге қатысу үшін құжаттарды тіркеу жүзеге асырылады. Құжаттарды тіркеу кезінде құжаттардың қабылданғандығы жөнінде қолхат беріледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Дін істері агенттігі төрағасының 23.12.2013 № 50 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді).

7. Іріктеу үш кезеңмен жүзеге асырылады:

- 1) бірінші кезең – құжаттардың осы Нұсқаулықтың 2-тармағының 1)-3) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарастыру;
- 2) екінші кезең – Агенттік бекіткен сұрақтар бойынша тестілеуді өткізу;
- 3) үшінші кезең – Комиссияның іріктеудің бірінші және екінші кезеңінің нәтижелерін қарастыруы.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Дін істері агенттігі төрағасының 23.12.2013 № 50 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді).

8. Құжаттардың осы Нұсқаулықтың 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарастыру және екінші кезеңге қатысуға жіберу туралы шешім құжаттардың қабылданған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

9. Сарапшыларды іріктеуге қатысуға рұқсат берілген тұлғаларға шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде екінші кезеңге өткендігі не өтпегендігі жөнінде жазбаша хабарлама жолданады.

10. Сарапшыларды іріктеудің екінші кезеңіне қатысуға рұқсат беруден бас тартуға төмендегілер негіз болып табылады:

- 1) білімі туралы құжаттың осы нұсқаулықтың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес болмауы;
- 2) діни қатынастар мәселелеріне қатысты салаларда зерттеушілік немесе сарапшылық жұмыс тәжірибесінің болмауы.

11. Іріктеудің бірінші кезеңінен өткен тұлғалар, діни қызмет саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тестілеуден өтеді.

12. Тестілеу мерзімі хабарлама жіберілгеннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен соң белгіленеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Дін істері агенттігі төрағасының 23.12.2013 № 50 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он

күнтiзбелiк күн өткен соң қолданысқа енедi).

13. Дiни қызмет саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тестiлеу жазбаша түрде бiр сағат көлемiнде өткiзiледi және 30 сұрақтан тұрады. Тест бойынша шектi мән – 20 жауаптан кем емес жауапты құрайды. Тестiлеу нәтижесi тестiлеу өткiзiлген күнi шығарылады.

Тестiлеу нәтижелерiмен келiспеген жағдайда үмiткер Комиссияға шағым бере а л а д ы .

14. Тестiлеудiң шектi мәнiнiң дұрыс жауап санын жинай алған тұлғалар тестiлеуден өттi деп есептеледi, ал шектi мәннен төмен алған тұлғалар iрiктеудiң екiншi кезеңiнен өтпеген болып саналады.

15. Тестiлеуге қатысуға жiберу және тестiлеуден өткiзу туралы шешiм х а т т а м а м е н р ә с i м д е л е д i .

16. Iрiктеудiң бiрiншi және екiншi кезеңiнiң нәтижесi бойынша сарапшылыққа үмiткер болған әрбiр тұлғаға ерiктi формада қорытынды д а й ы н д а л а д ы .

17. Алынып тасталды - ҚР Дiн iстерi агенттiгi төрағасының 23.12.2013 № 50 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнiнен бастап он күнтiзбелiк күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н е д i) .

18. Комиссия 7 (жетi) жұмыс күнi iшiнде iрiктеудiң бiрiншi және екiншi кезеңдерi бойынша материалдарды зерттеп, сарапшыларды iрiктеу жөнiнде соңғы шешiмдi шығарады, әрбiр сарапшылыққа үмiткер бойынша жеке ұ с ы н ы с т а р д а й ы н д а й д ы .

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Дiн iстерi агенттiгi төрағасының 23.12.2013 № 50 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнiнен бастап он күнтiзбелiк күн өткен соң қолданысқа енедi).

19. Iрiктеу кезiнде туындайтын даулы мәселелер сот тәртiбiнде қаралады.

20. Алынып тасталды - ҚР Дiн iстерi агенттiгi төрағасының 23.12.2013 № 50 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнiнен бастап он күнтiзбелiк күн өткен соң қолданысқа енедi).